

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 14/10 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 2580 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 34/14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 23.06.2015 № 34/14 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 18 ақпанындағы № 103 " Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысының
әкімі Б. Әбдішев
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Мамытбеков

28 наурыз 2014 жыл

Қарағанды облысы әкімдігінің
2014 жылғы 26 наурыздағы
№ 14 / 10 қаулысына
1-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналғ субсидиялар нормативі теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу	бас	3 678

Қарағанды облысы әкімдігінің
2014 жылғы 26 наурыздағы
№ 14 / 10 қаулысына
2-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптар

1.	Ірі қара малды қолдан ұрықтандыруда жұмыс тәжірибесінің, жұмыс мерзімін мал асылдандыру инспекц саласындағы уәкілетті органнан тізімі бойынша растауымен бар болуы
2.	Жеке меншігінде немесе ұзақ мерзімді жалдауда сұйық азотты тасымалдайтын ЦТК түріндегі арнайы ыдь жабдықталған автокөліктің болуы
3.	Жеке меншігінде тұқымды бұқалардың ұрығын сақтайтын СДС 35 түріндегі арнайы ыдыстың болуы
4.	Штатында сәйкес мамандықтар бойынша қызметкерлердің болуы

Қарағанды

облысы

әкімдігінің

2014

жылғы

26

наурыздағы

№

14 / 10

қаулысына

3-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.12.2014 № 66/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сала атауы	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6
етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	20 000	6 637	132 740,0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	18 000	69 389	1 249 002,0
	Отандық етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	154 000	2 577	396 817,0
	Жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп – бағу	бас	104 000	249	25 896,0
	Сиыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату	тонна		250,0	30 000,0
	3 деңгей	тонна	120 000	250,0	30 000,0
Барлық сомма					1 834 455,0
Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Импортталған селекциялық ірі қара мал сатып алу (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде)	бас	118 000	491	57 938,0

	Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату	тонна			100 000,0
	2 деңгей	тонна	15 000	1 300	19 500,0
	3 деңгей	тонна	10 000	8 050	80 500,0
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды өтеу	бас	3 678	14 014	51 544,0
Барлық сомма					209 482,0
Етті бағыттағы құс шаруашылығы	Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату			6 300	315 000,0
	3 деңгей	тонна	50 000	6 300	315 000,0
Барлық сомма					315 000,0
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы	Асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу (ақырғы)	бас	50	51 080	2 554,0
	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату			325 850	977 550,0
	1 деңгей	мың дана	3 000	325 850	977 550,0
Барлық сомма					980 104,0
Қой шаруашылығы	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	1 500	104 112	156 168,0
	Асыл тұқымды қой сатып алу	бас	8 000	2 992	23 936,0
	қой етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	100 000	1 000	100 000,0
Барлық сомма					280 104,0
Жылқы шаруашылығы	Асыл тұқымды жылқы сатып алу	бас	40 000	478	19 120,0
	жылқы етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	92 000	1 435	132 000,0
	қымыз өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	60 000	1 050	63 000,0
Барлық сомма					214 120,0
Шошқа шаруашылығы	шошқа етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	98 000	3 010,2	295 000,0
ЖИЫНЫ					4 128 265,0

